

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**28 ақпан – 5 наурыз аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының  
ТАЛДАМАСЫ**

5 наурыз

Апталық жоспарға сәйкес 28 ақпан – 5 наурыз аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Әкімшілік және тәлімгерлер тарапынан жас мамандардың сабақтары бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. Сабақ мақсатын дифференциациялау мен формативті бағалау бойынша ұсынымдар айтылды.
5. Оқушы дәптерінің жалпы жағдайын, сынып және үй жұмысы нормасының орындалуын, мұғалімнің дәптер тексеруге қойылатын бірінші талаптарды орындауы мен дәптермен жұмыс істеу қызметін бақылау мақсатында 7-11-сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша жұмыс дәптерлері тексерілді.
6. Қазақ әдебиеті пәнінен оқу техникасының деңгейін пән мұғалімдері тарапынан бақыланып, сабақ барысында оқушылардың оқылым жаттығуларын орындауда мәтін мазмұнын түсіну, сөздік қорларының деңгейі назарға алынды.
7. Кеменгер Абайдың ақындық болмысына терең үңілуге, оның шығармашылық өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдана алуға бағыттау, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ағымды жылдың 28 ақпан күні желілік «Абай мектептері» және жалпы білім беретін мектептерінің 8-11-сынып оқушылары арасында республика көлемінде қашықтан II «Абай әлемі» атты шығармашылық байқау өтті. Байқау 2 бағыт бойынша өткізілді. 1-бағыт бойынша өткен «Жүрегімнің түбіне терең бойла...» атты эссе байқауына Жылқыбай Айсара, 10-сынып оқушысы және Сулейменова Гульшекер, 11-сынып оқушысы қатысты. 2-бағыт бойынша «Мен жазбаймын оленді ермек үшін» атты ақындар мүшәйрасына Әбдрайым Әлайдар, 8-сынып оқушысы және Әміржан Нұрлы, 9-сынып оқушысы қатысты. Байқаудың нәтижесінде Әбдрайым Әлайдар - II орын, Сулейменова Гульшекер- II орын, Әміржан Нұрлы – III орын иеленді және Жылқыбай Айсара- Алғыс Хатпен марапатталды.

8. 28 ақпан күні «Жас мамандар мектебінің» жоспары негізінде мектептің педагог-психологі Кақимжанова Д.Ш. жас педагогтар арасында «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында «Сабақта туындаған мәселелерді бірлесіп талқылау», «Сынып пен оқушының психологиялық -педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері», «Сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы» мәселелері қарастырылды.
9. Апта бойы облыстық пәндер олимпиадасына, «Абайтану» республикалық олимпиадаға, облыстық юниор олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізіліді.
10. Облыстық М. Мақатаев оқуларына өтінім мен оқатысатын оқушылардың жұмыстары тапсырылды.
11. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ағымды жылдың 3 наурыз күні 8-11-сынып оқушылары арасында «Тіл дарыны» облыстық байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген оқушыларды анықтап, қолдау көрсету, ынталандыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Байқауға мектепшілік байқауда 1-орынға ие болған Касенова Дария 8 «А»-сынып, Ким Камила 9 «Б»-сынып, Қажмуканова Фариза 10 «В»-сынып және Билялова Алика 11 «А»-сынып оқушылары қатысты. Облыстық байқау қорытындысы бойынша Ким Камила -I орын, Билялова Алика - I орын , II орын – Касенова Дария- II орын, Қажмуканова Фариза - II орын иегерлері атанды. Оқушыларды дайындаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Даулетқашиева Т.Б., Муратов М.Б., орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ташмағанбетова Л.Н., Жетпісбаева К.Б., ағылшын тілі пәні мұғалімдері Оспанова Ш.С., Қожахметова Р.З., Сабиева Н.Ж.
12. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курс сабақтарының отуі қалағанды.